

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Тереңөзек кенті

№ 05

26.04.2023 жыл

Сағат: 09-00

Қатысқандар; заңгер-Т. Каримов, аудан газ шаруашылық басшысы
Е. Есенгельді, қызметкерлер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқрамасы № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты және сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау туралы.

Тыңдалды: заңгер Т. Каримов

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Яғни, осы аталған заңының 5-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері, оның ішіндегі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.


Сонымен қатар, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарға заңда көрсетілген жауапкершіліктер қолданылатын туралы айтылды.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда заң аясында көптеген жұмыстар атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық дерті өршіп тұрған. Жемқорлық бойынша тек бір тарап қана емес екінші тарапта жауапты екендігін білу қажет. Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс. Жемқорлық қазіргі таңда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық заңдарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызметкерлерге осы жиналыс арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алатындай сауатты және саналы болуы керек.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік тұғызатын жағдайларды алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік тұғызатын себептерге жол бермеуі және осындайда бір мүмкіндік тұғызатын себептер анықталған жағдайда басшылар тарапына хабарлауы тапсырылды.

Директор



Н. Шаухаманов